

Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар шығыстарының сметаларын жасау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2000 жылғы 24 мамырдағы N 248 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 26 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1174. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 7 шілдедегі N 242 бұйрығымен

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
2006 жылғы 7 шілдедегі N 242 бұйрығынан
үзінді:

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын талдау және әдіснамасы департаменті (А.Н.Қалиева) бір апта мерзімде осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қаржы вице-министрі Ә.А. Смайыловқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2006 жылғы 7 шілдедегі
N 242 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізімі

1. "Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар шығыстарының сметаларын жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 24 мамырдағы N 248 бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1174 тіркелген);

ЕСКЕРТУ. Преамбула өзгерді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 9 маусымдағы N 229 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар "Мемлекет кәсіпорын

туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Жарлығына байланысты
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырылған:

Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар шығыстарының сметаларын жасау
жөнiндегi нұсқаулық;

мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар шығыстары сметаларының нысаны
бекітілсін.

2. Осы бұйрық ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан

Республикасының

Қаржы министрлігі

2000 жылғы 24 мамырдағы

N 248 бұйрығымен

бекітілген

**Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар
шығыстарының сметаларын жасау жөнiндегi
НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Осы Нұсқаулық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың (бұдан әрі -
Кәсіпорын) мемлекеттік тапсырысты көрсете отырып сметаларды жасау тәртібін
айқындайды.

2. Кәсіпорындардың сметасы өзімен бірге Кәсіпорындардың өз табыстары
есебінен, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша жүзеге асырылатын бір
қаржы жылына арналған шаруашылық қызметтерінің қаржы жоспарын білдіреді.
Кәсіпорындардың сметасын уәкілетті органдар бекітеді.

3. Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жасалатын азаматтық-құқықтық
тіркеуді қамтамасыз ету мақсатында бюджеттік бағдарламалар (ішкі
бағдарламалар) (5-10-баған) бойынша мемлекеттік тапсырысты орындаудың
қаржылық жоспары бөліп көрсетіледі.

4. 6, 8, 10-бағандарда Кәсіпорынның жалпы шығыстарындағы мемлекеттік
тапсырыстың орындалуына арналған кірістер мен шығыстар көрсетіледі.

5. 010 жол бойынша, жоспарлы жылдағы шаруашылық қызмет көрсетуден
түсетін ақшалар мен жылдың басында қалған ақшалардың жиынтығынан
тұратын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі (011 жол + 012 жол).

*Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің
2001.03.11. N 123 бұйрығымен.*

5-1. 011 жол бойынша, республикалық және жергілікті бюджеттерден
мемлекеттік тапсырыс шеңберінде алынған ақшалар қалдығы бөліп көрсетілген
жыл басындағы ақша қалдығы, яғни өткен қаржы жылының соңындағы

жоспарланған кіріс шеңберінде пайдаланылмаған ақшалар қалдығы көрсетіледі.

Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2001.03.11. N 123 бұйрығымен .

5-2. 012 жол бойынша, республикалық және жергілікті бюджеттерден мемлекеттік тапсырыс шеңберінде алынған ақшалар бөліп көрсетілген, шаруашылық қызметті жүзеге асырудан түскен ақшалар көрсетіледі қосылған құнға салықты есепке ала отырып.

Ескерту. 5-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2001.03.11. N 123 бұйрығымен .

6. Шығыстардың жалпы сомасы 020-жол бойынша (030 - 260 жолдардың сомасы) көрсетіледі. Сметада шығыстардың екі тобы бөліп көрсетіледі:

- 1) азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау жүзеге асырылмайтын шығыстар;
- 2) азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау жүзеге асырылатын шығыстар.

Ескерту. 6-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2001.03.11. N 123 бұйрығымен .

7. Азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау жүзеге асырылмайтын шығыстарға шығыстардың мынадай түрлері жатады:

осы жол бойынша (030 жол) - қызметкерлерге жалақы төлеу қызметкерлердің еңбек міндеттемелерін орындағаны үшін төленетін ақша төлемдері көрсетіледі (жеке табыс салығы, қызметкерлердің жалақыларынан ұсталатын жинақтаушы зейнетақы қорларына төленетін міндетті жарналар да осы жол бойынша к ө р с е т і л е д і) ;

осы жол бойынша (040 жол) - ынталандыру, көтермелеу сипатындағы, сондай ақ Кәсіпорын басшысының шешімі бойынша қосымша жұмыстарға төленетін ақша төлемдері көрсетіледі;

іссапар шығыстары (050 жол);

030 жол, бойынша көрсетілетін, оның ішінде негізгі салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер жеке жолдармен (070-100 жол) көрсетілетін жеке табыс салығын (060 жол) қоспағанда салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер ;

сот шығындары (110 жол) яғни атқарушы құжаттардың атқарылуы бойынша шығыстар ;

айыппұлдар, өсімдер (120 жол);

басқа шығыстар (130 жол) яғни 030-120 жолдарда есепке алынбаған шығыстар .

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 9 маусымдағы N 229 қаулысымен.

8. Азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау жүзеге асырылатын шығыстар өзіне шығыстардың мынадай түрлерін:

материалдарды сатып алуды (140 жол) яғни өндірістік тауарлар, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету (тамақ өнімдерін, дәрі-дәрмектерді және т.б. сатып алу) үшін қажетті материалдарды, шикізаттарды сатып алуға арналған шығыстарды;
негізгі құрал-жабдықтарды сатып алуды (150 жол);
басқа активтерді сатып алуды (160 жол);
коммунальдық қызмет көрсетулерді (170 жол) яғни электр энергиясы мен жылуды қоспағанда суға, газға және басқа да коммунальдық қызмет көрсетулерге арналған шығыстарды;
электр энергиясын (180 жол);
жылуды (190 жол);
байланыс қызметтерін (200 жол);
көлік қызметін көрсетуді (210 жол);
негізгі құрал-жабдықтарды ағымдағы жөндеуді (230 жол);
негізгі құрал-жабдықтар бойынша жалдау ақыларын (240 жол);
несиелердің сыйақылар (мүдделер) төлемдері бойынша шығыстарын (250 жол) ;
басқа шығыстарды (260 жол) яғни 140-250 жолдарда есепке алынбаған шығыстарды қамтиды .

8 - 1 .

Ескерту: Жаңа 8-1-тармақпен толықтырылды, алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 9 маусымдағы N 229 қаулысымен , 2004 жылғы 8 сәуірдегі N 147 бұйрығымен .

8 - 2 .

Ескерту: Жаңа 8-2-тармақпен толықтырылды, алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 9 маусымдағы N 229 қаулысымен , 2004 жылғы 8 сәуірдегі N 147 бұйрығымен .

9. 140-230, 260 жолдар бойынша шығыстар қосылған құнға салынатын салықты есепке ала отырып көрсетіледі.

10. 9-тармақта көрсетілген шығыстарды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс шеңберіндегі азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу қазынашылықтың аумақтық органдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

11. 270 жол бойынша Кәсіпорын кірістерінің (010 жол) және шығыстарының (020 жол) арасындағы айырма ретінде есептелетін таза табыс (шығын) көрсетіледі .

12. Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар шығыстарының сметасына кәсіпорынның басшысы, осы кәсіпорын қаржы қызметінің басшысы қол қояды және уәкілетті органның қарауына және бекітуіне ұсынылады.

13. Шығыстардың сметасына Кәсіпорын кірістерінің, егер Кәсіпорынның жоспарлы жылдағы шығыстар сметасында өткен жылдың жабылмаған

шығындарын өтеу қарастырылса, өткен жылдағы жабылмаған шығындарды жабу (сонымен қатар мемлекеттік тапсырысты орындау бойынша), басқа барлық шығыстардың шифрленуі, сондай-ақ Кәсіпорын қызметкерлерінің штат саны бойынша деректер (барлығы, оның ішінде мемлекеттік тапсырысты орындайтындар), тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, қызмет көрсетулер бойынша негізгі сандық көрсеткіштер (жолдың ұзындығы, оқытудың нысандары мен түрлері бойынша оқытындардың саны, іс-шаралардың саны, емделген аурулардың, жобалардың, лабораториялық зерттеулердің саны және т.б.) көрсетілуі тиісті түсіндірме жазба қоса беріледі.

Ескерту. 13-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2001.03.11. N 123 бұйрығымен .

14. Кәсіпорын шығыстарының сметасы уәкілетті орган тағайындаған мерзімде жасалады және бекітуге ұсынылады.

15. Уәкілетті орган бекіткен смета Кәсіпорынның азаматтық-құқықтық келісім-шартымен бірге мемлекеттік тапсырысты орындау үшін тиісті қазынашылықтың аумақтық органдарына ұсынылады және қазынашылықтың жауапты органдарының қызметкерлері мемлекеттік тапсырысты орындауға байланысты келісім-шартты тіркеу тізімдемесіндегі сметалардың деректерін жүргізгеннен кейін сметаға осыны жүргізудегі фактіні растайтын қ а з ы н а ш ы л ы қ т ы ң а у м а қ т ы қ органының бұрыштамасы қойылады.

16. Сметаларды нақтыланған мынадай жағдайларда:
Кәсіпорынның кірістері кемітілгенде;
Кәсіпорынның кірістері:
білім беру қызметтерін көрсеткен;
косметологиялықты қоспағанда, медициналық (ветеринарлық) қызметтерді
к ө р с е т к е н ;

шоу-бизнес саласындағы қызметтерді қоспағанда, театр-концерт қызметін жүзеге асырған жағдайларда ұлғайғанда;
мемлекеттік тапсырыстың көлемі өзгергенде;

Кәсіпорын шығыстарының құрылымы өзгергенде жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгерді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 9 маусымдағы N 229 қаулысымен.

17. 16-тармақта көзделген жағдайлардан басқа, бекітілген сметамен салыстырғанда Кәсіпорын кірістері ұлғайған жағдайда шығыстардың сметаларын нақтылау жүргізілмейді. < * >

Бұл ретте, 16-тармақта көрсетілген Кәсіпорын кірістері ұлғайған жағдайда шығыстардың сметаларын нақтылау жылына бір реттен артық емес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Көрсеткіш!	Жол. !	Қаржы жылы	мемлекеттік тапсырыс шең.
!	дар !		берінде орындалатын бюд.
!	!		жеттік бағдарлама (кіші
!	!		бағдарлама) бойынша оның
!	!		ішінде қаржы жылы
!	!		-----
!	!		(бюдж. бағ-ң!(бюдж.бағ-ң
!	!		атауы және !атауы және

[illegible]

Қ Қ С			0 7 0
А к ц и з д е р			0 8 0
	к о р п о р а т и в т і к		
	т а б ы с		
с а л ы ғ ы			0 9 0
	Ә л е у м е т т і к		
с а л ы қ			1 0 0
С о т т ы қ	т ө л е м .		
д е р			1 1 0
А й ы п п ұ л ,	ө с і м	1 2 0	
Ө з г е	ш ы ғ ы с т а р	1 3 0	
Ж ү з е г е	а с ы р ы л .		
у ы н а	а з а м а т .		
т ы қ - қ ұ қ ы қ т ы қ			
м ә м і л е л е р			
ж а с а л м а й т ы н			
ш ы ғ ы с т а р			
М а т е р и а л д а р д ы			
с а т ы п	а л у		1 4 0
Н е г і з г і	қ ұ р а л -		
ж а б д ы қ т а р д ы			
с а т ы п	а л у		1 5 0
Ө з г е	а к т и в т е р .		
д і	с а т ы п	а л у	1 6 0
К о м м у н а л д ы			
қ ы з м е т т е р			1 7 0
Э л е к т р э н е р г и я		1 8 0	
Ж ы л у			1 9 0
Б а й л а н ы с	қ ы з .		
м е т і			2 0 0
К ө л і к	қ ы з м е т і	2 1 0	
Н е г і з г і	қ ұ р а л -		
ж а б д ы қ т а р д ы			
а ғ ы м д а ғ ы	ж ө н .		
д е у			2 2 0
Н е г і з г і	қ ұ р а л -		
ж а б д ы қ т а р д ы			
к ү р д е л і	ж ө н .		
д е у			2 3 0

Негізгі	құрал .	
дар	бойынша	жал .
герлік	ақы	2 4 0
Несие	бойынша	
сыйақылар	(мүд .	
делер)	төлеу	
бойынша	шығыс .	
тар		2 5 0
Өзге	де	шығыс .
тар		2 6 0
Таз а	кіріс	
(шығын)		2 7 0

Кәсіпорын жетекшісі _____

Қаржы қызметінің жетекшісі _____